

## Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 482 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20) тармақшасына, 82-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 3 ақпандағы № 188 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2016 ж., № 14, 52-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен құрылған Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің мүшелері болып тағайындалсын:

- Архарова Жаңылсын Баянқызы – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы;
- Жұмағұлов Марат Иманғалиұлы заң ғылымдарының докторы;
- Қалимұқашева Айгүл Демеуқызы – Атырау облыстық сотының судьясы;
- Көлбаева Айжан Әділқызы – Нұр-Сұлтан қаласының Байқоңыр ауданы №2 сотының судьясы;
- Нұржанов Әлихан Әбілғазыұлы – Ақмола облыстық адвокаттар алқасының адвокаты;
- Сағиденов Ғұлар Ғаббасұлы – Павлодар облыстық сотының судьясы;

жоғарыда аталған Кеңестің құрамынан: Н.М.Елемесов, М.Қ.Жанғұттинов, Т.Е.Қаудыров, Н.Н.Кузнецова, Е.Т.Манапов, Б.А.Раисова шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ.Тоқаев